

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 12 наурыздағы N 207 қаулысына өзгеріс пен толықтыру енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 13 шілдедегі N 669 қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 21 тамыздағы № 657 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 21.08.2015 № 657 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

Ұшуларды радиотехникалық қамтамасыз ету объектілерін электрмен жабдықтаудың рұқсатсыз ажыратылуын болдырмау мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** :

1. "Авариялық брони бар тұтынушыларды энергиямен жабдықтау ережесі мен шарттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 12 наурыздағы N 207 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1998 ж., N 8, 55-құжат) мынадай өзгеріс пен толықтыру енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Авариялық брони бар тұтынушыларды энергиямен жабдықтау туралы ереже мен шарттарда:

тақырыбындағы "туралы ереже мен шарттар" деген сөздер "ережесі мен шарттары" деген сөздермен ауыстырылсын;

"Авариялық броньмен қамтамасыз етілетін объектілер" деген 2-бөлімде:

1-тармақ мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

"әуе қозғалысына қызмет көрсетуді қамтамасыз ететін аэронавигациялық ұйым объектілері".

2. Орталық және жергілікті атқарушы органдар, мемлекеттік органдар осы қаулыны іске асыру жөнінде шаралар қабылдасын.

3. Осы қаулы ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі